

**Ақтөбе облысында 2024 жылғы I тоқсанға арналған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін бекіту туралы**

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2024 жылғы 5 наурыздағы № 55 қаулысы. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына, "Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 282 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11245 тіркелген) бұйрығына сәйкес Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтөбе облысында 2024 жылғы I тоқсанға арналған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндері осы қаулыға қосымша сәйкес бекітілсін.

2. "Ақтөбе облысының кәсіпкерлік басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыны қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Ақтөбе облысының әкімі*

*А. Шахаров*

Ақтөбе облысы әкімдігінің  
2024 жылғы 5 наурыздағы  
№ 55 қаулысына қосымша

**Ақтөбе облысында 2024 жылғы I тоқсанға арналған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндері**

№	Тауарлар атауы	Шекті мән (теңге)
1	Бірінші сортты бидай ұны, килограмм	242

2	Бірінші сортты ұннан жасалған бидай наны (пішінді), килограмм	212
3	Рожки (өлшеніп салынатын), килограмм	419
4	Тазартылған күріш (домалақ дәнді, өлшеніп салынатын), килограмм	620
5	Қарақұмық жармасы (дән, өлшеніп салынатын), килограмм	346
6	Күнбағыс майы, литр	721
7	Сары май (тұздалмаған, майлылығы кемінде 72,5% толықтырғыштар және өсімдік майлары жоқ), килограмм	5158
8	Сиыр еті (сүйекті жауырын-төс бөлігі), килограмм	2775
9	Тауық еті (сан сүйек және іргелес жұмсақ еті бар сан жілік), килограмм	1511
10	Пастерленген сүт, майлылығы 2,5%, жұмсақ қаптамада, литр	419
11	Айран, майлылығы 2,5%, жұмсақ қаптамада, литр	457
12	Сүзбе: майлылығы 5-9%, килограмм	2028
13	Картоп, килограмм	198
14	Асханалық сәбіз, килограмм	220
15	Басты пияз, килограмм	195
16	Ақ қауданды қырыққабат, килограмм	180
17	Ақ қант - құмшекер, килограмм	445
18	Тауық жұмыртқасы (I санатты), 10 дана	724
19	Ас тұзы ("Экстра" - дан басқа), килограмм	80